

*Padvic, 1994*). Indeed, research has shown that occupations held primarily by women are much less rewarding than those held by men, even when comparing workers with equal resources (*cf. England, 1981; Jacobs, 1989*), (*Katz-Gerro & Yaish, 2003, pp. 585*).

A process of filtering may explain the finding that women who studied in male-dominated fields have better labor market outcomes than men do. In this filtering process, women who penetrate fields of study that are traditionally associated with men may put more effort than men into their educational attainment and have higher ability than men. Thus, women's achievements in schools may exceed those of men. The human capital theory would then anticipate that employers would value these qualities. The finding that men in female-dominated fields of study do better than women is then explained by the fact that men control the labor market (*cf. Williams, 1989, 1995*) (*Katz-Gerro & Yaish, 2003, pp. 585*).

The formation, persistence, and effects of new groups suggest that new configurations of social and human relations could be prerequisites for long-term improvements in natural resources. Regulations and economic incentives play an important role in encouraging changes in behavior, but although these may change practices, there is no guaranteed positive effect on personal attitudes (28). Without changes in social norms, people often revert to old ways when incentives end or regulations are no longer enforced, and so long-term protection may be compromised (*Pretty, 2003, pp 1914*).

Social capital can help to ensure compliance with rules and keep down monitoring costs, provided networks are dense, with frequent communication and reciprocal arrangements, small group size, and lack of easy exit options for members. However, factors relating to the natural resources themselves, particularly whether they are stationary, have high storage capacity (potential for biological growth), and clear boundaries, will also play a critical role in affecting whether social groups can succeed, keep down the costs of enforcement, and ensure positive resource outcomes (*Pretty, 2003, pp 1914*).

#### References

Ding Yuan, Zhang Hua, Zhang Junxi. Private VS State Ownership and Earnings Management: Evidence from Chinese Listed Companies // *Corporate Governance*, 15(2) (2007): 223-238.

Katz-Gerro Tally, Yaish Meir. Higher Education: is More Better? Gender Differences in Labor Market Returns to Tertiary Education in Israel // *Oxford Review of Education*. – Vol. 29. – No 4, December 2003. – pp. 571-592.

Pretty Jules. Social Capital and Collective Management of Resources // *Science*, 302 (2003): 1912-1914.

УДК 37

### ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА МӘДЕНИАРАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Алкеева Р.Т.,  
Қазақ тілі мұғалімі  
Дружба орта мектебі,  
Қостанай қаласы*

#### Аннотация

*Мақалада қазіргі замандағы мемлекеттік тілдің маңызы қарастырылады. Білім мен ғылымның, экономиканың, бизнестің, саясаттың, жалпы бәсекелестіктің қарыштап дамып отырған бүгінгідей жаһандану кезеңінде Елбасы көрегендік танытып, алдымызға үш тілді білу қажеттігін қойып отыр. Әсіресе жастар алдында бірнеше тіл білу міндеті тұр. Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде таны-*

луга тиіс. Тәуелсіз Қазақстанның өсіп келе жатқан жас ұрпағына өз Отанының мемлекеттілігінің кепілі – мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін құрметтеуге баулу.

#### **Аннотация**

*В статье рассматривается важность государственного языка в современном обществе. Сегодня, шагнув в пору глобализации развития образования и науки, экономики, бизнеса, политики, общего соперничества, Глава государства в своих Посланиях к народу Казахстана подчеркивает необходимость знания трех языков как требование времени. Особенно молодежь обязана знать несколько языков. Народ Казахстана должен быть узнаваемым во всем мире, как народ высокообразованный. Надо научить подрастающее поколение Независимого Казахстана, что именно государственный язык является залогом суверенитета нашей страны.*

#### **Abstract**

*In the article importance of trilingualism is examined in modern society. Today taking a step in the pore of globalization of development of education and science, economy, business, politics, general rivalry Head of the state in the Messages to the people of Kazakhstan underlines the necessity of knowledge of three languages, as requirement of time. Especially young people are under an obligation to know a few languages. People of Kazakhstan must be knowable in the whole world, as people highly educated, talking on three languages: Kazakh is an official language, Russian is a language of international communication and English is a language of international relation.*

**Түйінді сөздер:** мемлекеттік тіл, тәуелсіздік, қазақ тілі, тәрбие, қазақ халқы, этнос, дәстүр, жеке тұлға.

**Ключевые слова:** государственный язык, независимость, казахский язык, воспитание, казахский народ, этнос, традиция, личность.

**Keywords:** state language, the independence, the Kazakh language, education, the Kazakh people, ethnicity, tradition, identity.

Қазақстан Республикасы территориясында тұратын халықтардың жалпы адамзаттық құндылықтарын сақтау мемлекетіміздің қазіргі кезеңдегі саясаты. Мемлекетіміздің әлемдік интеграцияға енуі тілдердің этностық дамуына әлеуметтік, моральдық, психологиялық жағдайлар туғызады, халықтар арасындағы мәдени, қоғамдық қатынастарды реттейді.

Қазақстан Республикасының Ата заңында әлемдік тілдердің қай-қайсысын да қолдануға ерік берілген. Мемлекетіміздің саяси- экономикалық, мәдени байланыстары көп тілділік пен бірнеше тілді сөйлей білу, білім алуды қажет етеді.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері кезеңде берекеміз кіріп, ұлттық болысымыздың жоғын түгендеп, барын баянды етуге талпынудамыз. Әсіресе, ұлы державалық биліктің тұтқасын ұстаған ұлттың бодануында болған жылдарда ұратана халық ретінде әбден шұбарланап, мүшкіл күй кешкен тілімізді қалпына келтіру мақсатында мемлекеттік деңгейде жүргізілген тындырымды тірлігіміздегі шүкіршілік етуге тиіспіз. Өйткені, тіліміз түгіл кезеңде ұлтымыздың тарихи атауы да жоғалып кете жаздағаны ел есінде.

Егемен ел болған алғашқы күндерден бастап - ақ, елімізде тіл саясаты мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтің тікелей басшылығымен салиқалы да сындарлы түрде жүзеге асырылуда. Елбасы Қазақстан халқына арнайтын дәстүрлі Жолдауларында да тіл саясатына, оның ішінде қоғамдағы мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мәселесіне тоқталмай кеткен емес.

Президент Нурсұлтан Назарбаев өткен жылғы халыққа арнаған «Қазақстан халқының әл – ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Жолдауында «Бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқыту сапасын арттыру

қажеттігіне ерекше назар аударғым келеді», дей келіп, оны орындаудың нақтылы жолдарын атап көрсеткенін ешкім жоққа шығара алмайды.

Тәуелсіз Қазақстанның өсіп келе жатқан жас ұрпағына өз Отанының мемлекеттілігінің кепілі – мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін құрметтеуге баулу, сол арқылы еліміздің саяси тұрақтылығын арттыру – мемлекетіміздің бүгінгі тілдер саясатының стратегиялық нысандарының бірі.

Қазіргі уақытта ең алдымен, тілге оралатын проблема, болашақ кадрларды қазақ тілінде сапалы дайындау. Білім саласында бәсекелестікке қол жеткізгіміз келсе, ең алдымен қазақ тіліндегі оқулықтардың сапасын жақсартуымыз керек. Ал мектеп қабырғасында оқушылар оқитын оқулықтардың негізгі бөлігінің сапасы нашар, сын көтермейді. Осындай оқулықтармен білім алып жатқан оқушылардың болашағы қандай болмақ? Жас буын мемлекетіміздің келешегі екенін ескерсек, осы оқулықтар мәселесін тезірек шешуіміз қажет.

Білім саласында тағы бір басты проблема-мектепте, әсіресе, ауылдық жерлердегі орта мектептерде кәсіби біліктілік мамандардың тапшылығы. Ең алдымен, бастауыш сыныптан бастап оқушының оқу, жазу, санау, есептеу сауаттылығына, дағдысына, қабілетіне басты назар аударылуы қажет. Сондықтан, әрбір мұғалімнің қазіргі талап деңгейінде қызмет жасаулары үшін олардың білімділік, біліктілік, ізденімпаздық, шығармашылық деңгейлері жоғары болғаны жөн. Ауылдық жердегі мұғалімдердің бірқатарының осы деңгейлері төмен десек, артық айтқандық емес.

Егемендік алған жылдардан бастап нарық заманына байланысты көптеген ата-аналар, жас буын мамандық таңдарда келешекте жақсы ақша табатын заңгер, экономист тәрізді кәсіптерді таңдаған еді. Соның нәтижесінде еліміздің кез келген жоғары оқу орындарында осы мамандықтар бойынша студенттер саны шектен тыс асып кеткен. Ал керісінше, ауылшаруашылық, техникалық, ұстаздық мамандықтарын таңдаған студенттер саны күрт төмендеген болатын. Сол себепте де осы мамандықтардың беделі түсіп кетті.

Қазір білім беру іс бұрын сонды болмаған жылдамдықпен дамуда. Президент Н. Назарбаев "Қазақстанның болашағы – бүгінгі жастар. Сіздер оларға қалай білім берсеңіздер, Қазақстан сол деңгейде болады", – деп атап көрсеткен.

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, дәуірдің күн тәртібіне тұрған келесі мәселе-білім беру, ғылымды дамыту. Бұндай күрделі екі мәселені жүзеге асыру үшін ана тілімізді толыққынды меңгеруіміз қажет. Бірақ, бәрімізге мәлім, республикамызда кадрлардың көп бөлігінің орыс тілінде дайындалуы жалғасуда.

Мұны біздің шенеуніктердің білім саясатындағы жіберіп отырған үлкен қателігі, тіпті саяси соқырлығы деу керек. Себебі, олар қазақ тілін өркендету үшін жасалып жатқан шаралардың барлығын жоққа шығарып, қазына қаржысына мектептерде, жоғары оқу орындарында Ресейдің болашақ азаматтарын оқытып әлек болып жатыр. Осылай демеске амал жоқ. Әлде бұлардың біріңғай орысша білім алып шығуына мемлекет мүдделі ме? Өзіміздің ұлттық мүдде қайда қалады сонда?

Қазақстанның көп бастамасына көршілердің күлетіні осыдан. Тіпті экономикалық жетістігімізді жиі салыстыра қарайтын өзбектердің өзі "орыс болғын келсе, алдымен, қазақ бол" деп бізді мазақ қылады.

Университеттердегі оқу әдісі де әлі қазақ және орыс топтардан екіге бөліп оқытқан. Кеңес кезінен келе жатқан ескі жүйемен жұмыс істейді. Егер үкіметтің қазақ тіліне қатысты айтқан уәделері шын болса, қазірден бастап болашақ кадрларды неге тек өз тілінде тәрбиелеуді қолға алмасқа? Олардың орыс тілінде оқытып шығарудың мақсаты мен мәнісін түсіне алмадық. Еуропа елдерінің логикасына салсақ, олар мұндайды мемлекеттің қаржысын текке шашу, тіпті мемлекеттің тұтастығына қауіп төндіретін, ақылға сыймайтын абсурд деп бағалар еді. Бұл мәселені шешудің бірден-бір жол-мемлекеттік гранттарды тек қана қазақ бөліміне түсетіндерге беру болып табылар еді. Білім саласындағы бассыздық осылай жалғаса берсе, 2020 жылға қарай өз тілін білмейтін, ұлтының уызына жарымаған шала қазақтардың саны тағы бір толқыны шығатынына күмәніміз болмасын.

Мемлекеттік тіл, ең алдымен, қалада қалыптасады. Өйткені, ол заман ағымына қарай бейімделіп, технология мен ғылым жаңалықтарына ілесіп отырып дамуы тиіс. Ал техника тіліне айналмаған тіл бұқараның қатынас құралы болудан қалады.

Білім мен ғылымның, экономиканың, бизнестің, саясаттың, жалпы бәсекелестіктің қарыштап дамып отырған бүгінгідей жаһандану кезеңінде Елбасы көрегендік танытып, алдымызға үш тілді білу қажеттігін қойып отыр. Әсіресе жастар алдында бірнеше тіл білу міндеті тұр. Мемлекет басшысы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі- мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі жаһандық, экономикаға ойдағыдай, кірігу тілі» - деген болатын. Бірақ, өкінішке орай Президентіміз үш тілде еркін сөйлеуге қол жеткізу жөнінде бастама көтергенде «онда біздің ұлттық тілімізге қатер төнеді» деген байыпсыз байбалам шықты. Бүгіндері Қадір Мырза Әли ағамыздың «...басқа тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте» дегенін мектеп талбалдырығынан жаңа аттаған баладан мәртебелі данаға дейін сайрап қоя береміз. Ал білетін екі тілімізге қосымша ағылшынша сөйлеуді үйренейік деген өркенді өсиетке қағаз таусылғанша дауласып жатқанымыз тағы мынау.

Бұл мәселелерді жіпке тізгендей жазып отырғаным соңғы жылдарда өздері қазақ тілін қалпына келтіруге тікелей үлесі болмаса да сынампаздыққа салынып, кінә тағушылар көбейді.

Шындығын айтсақ Президентіміздің ұлттық тілімізге жасап келе жатқан қамқорлығы уақыт талабына сай және тіл жайлы бүгінгі жағдай таусыла мінеп - шенейтіндей емес. Ана тіліміз мемлекеттік тіл ретінде Ата заңында бекітілген, оны дамыту жөнінде арнайы заң да шығарылған. Одан беріде бүгіндері барлық облыстарда тілдерді (әсіресе қазақ тілін) дамыту жөнінде комитеттер құрастырылып, жұмыс істеуде. Басқа ұлттардың мүдделі өкілдеріне тіл үйрету жөнінде арнайы ашылған курстарда нәтижелі жұмыстар жүргізілуде.

Жалпы алғанда «Тілдердің үш тұғырлылығы» тіл саясаты бағдарламасы бұл күні кеше ғана айтылған дүние емес. Президентіміз аталмыш тілдік стратегияны 2004 жылы жария еткен болатын. Ал, биылғы жылы Еуроодақ өздерінде үш тілді білім тәжірибесін заңды түрде енгізді. Бұл – тарихи қажеттілік.

Әрбір адамның өз туған халқы мен өзі өмір сүретін елдің тілін білу қажеттігі - ертеден жатқан қағида. Алайда, жаһандану қалыптасқан осы қағидаға түзетулер енгізуде. Бұл біздің жастарымыз үшін аса қажет.

Елбасы бір топ қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдары басшыларымен ұлттық жаңғыру және халқымыздың бәсекеге қабілеттілігі аясындағы келелі кездесуінде «Тілдердің үш тұғырлылығы» бағдарламасына, мемлекеттік тіл мәселесіне кеңінен тоқталып өтті. Мемлекет басшысы «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Және оған қамқорлық та сондай дережеде болады. Ал, «Орыс және ағылшын тілдерін оқып - үйрену білімнің, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін шындай түсетін, экономикалық мүмкіншіліктерімізді арттыратын бірден – бір тетігі» дей келе, «жаһандануға бейімделуді, замана көшінен қалмай, осы үш тілдің үйлесіміне қол жеткізу арқылы тілімізді, дінімізді, дәстүрімізді, салт - ғұрыпымызды сақтап қала аламыз», – деді. Бұл тұрғыда «Тілдердің үш тұғырлылығы» жобасы аясында облыста нақты жұмыстар атқарылып жатыр.

2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымын басқару Қазақстан Республикасының үлесіне тигеннің өзі осы жаһандану кезеңнің жарқын көрінісі болып табылады.

Мұндай жақсылықты жақындататын мақсатқа жету үшін бізге бірінші кезекте халықаралық қатынас тілі болған ағылшын тілін үйренуге жастарымызды жатпай - тұрмай баулуымыз керек. Оның өте қажеттігін уақыт өткен сайын өткір сезініп келеміз. Соны Елбасымыз асқан көрегендікпен тап басып, жастардың АҚШ-тың, Англияның басқа да шетелдердің жоғары оқу орындар мемлекеттік грант бойынша білім алу квотасын жыл сайын көбейту үстін-

де. Мысалы, биыл осындай қамқорлықтың арқасында сыртта оқитын студенттеріміздің саны үш мыңнан асты. Айта кетейік, бұлардың қатарына ағылшын тілін білмейтін бірде - бір бала жоқ және ондай ұл - қыздарымыз одан басқа пәннің бәрін білсе де шетелдік оқуға қабылданбайды. Сондықтан балалардың өз мектептерімізде ағылшынша біліп шығуға өте тиімді екеніне көзім жетті.

Білім беру саясаты көп тілде білім беруді жетілдіруге қажетті барлық жағдайлар жасалуына, кейбір гуманитарлық пәндердің шет тілінде жүргізілуіне негізделген.

«Көп тілде оқыту», «лингвистикалық білім», «көп тілде білім беру», «көп тілді мәдениетті тұлға», «екі тілде білім беру» тіркестерін оқи отырып, біз тіл үйренуді емес, көп тілде білім беруді байқаймыз. Тіл үйренудің барлық формаларын (ауызша, жазбаша, аудио – көріністі материалдар, т.б.), сонымен қатар дидактикалық материалдарды шектемей қолдану.

Білім жүйесінің қазіргі заман талабына сай түбегейлі жаңаруына шет тілінің оқу пәндерінің тілі ретінде енгізілуі. Базистік оқу жоспарының республикалық компонентіне енуі болып отыр. Ол ана тілімен қатар үш тілде білім алуға жетелейді.

Қазақ тіліне мемлекеттік статустың берілуі көп тілде оқытудың проблемаларын көтереді, сонымен қатар ағылшын, орыс тілдерін жалпы білім беретін мектептерде оқытудың да маңызы артады.

Қазіргі жағдайда жас ұрпақ ағылшын тілін үйрену мен оқытудың іс жүзіндегі қажеттігін түсінуде. Осыған сай халықаралық стандартына сай білім аруды да мақсат етеді. Ағылшын тілінде білім алу - білім беруде жоғары дамыған елдерде болып отыр. Ағылшын тілін білу - қазіргі кезеңдегі байланыс шекарасының кеңеюіне, ақпараттар ағынына ілесуге, ақпараттар кеңістігінде байланыс жасауға мүмкіндік береді. Ағылшын тілі - қазақ тілінің құнарлылығын, халықтың салт – дәстүрін, мәдениеті мен жетістігін жеткізуші көзі де болып отыр. Бұның бәрін объективті, геосаяси және әлеуметтік – экономикалық тенденция деп қарастырамыз. Сондықтан да мектептерде шет тілі ағылшын тіліне қарай ауысып, басқа тілдерді ығыстырып отырғаны анық. Мемлекетіміздің мектеп реформасында қаралған үш тілде оқыту – қазіргі кезеңдегі қажеттілік. Осы мақсатта орыс, ағылшын тілдері ұлтына қарамастан тең дәрежеде жүзеге асырмалық.

Үш тілде оқытуды кіргізудің жорамалы:

- қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде нығайта отырып, оқушылардың ұлттық дамуын сақтау;
- шет тілін оқытуда негізгі идеяны іске асыруда нақты белгіленген қажеттілікті анықтау;
- білім беру саласындағы жаңалықты, яғни шет тіліне оқыту идеясымен БАҚ құралдары арқылы халықты толық хабардар ету, көпшіліктің көзқарасымен санасу;
- шет тіліне оқытуды іске асыру үшін ғылыми негіздегі зерттеу жұмысын жүргізу;
- шет тілдерін оқытуды тілдерді тереңдетіп оқытатын мектептер мен орта мектептер жағдайында жүргізуге негіздеу;
- біріктірілген бірыңғай оқу жоспарын негізге ала отырып, шет тілін тереңдете оқытатын мектептердің типтік оқу жоспарларын жасау;

Үш тілде оқытуды кезеңге бөле отырып, кадрлар, материалдық, техникалық, оқу – әдістемелік, ұйымдастырушылық жұмыстарына дайындық жасау.

Бұл жағдайлар кешенді, мақсатты түрде үш тілде оқыту проблемаларын шешуге мүмкіндік береді.

Шет тілін оқытуда жергілікті халықтың әлеуметтік, халықтық, тарихи - мәдениеттік ерекшеліктерін ескеру қажет, әр аймақ өзінің әлеуметтік, экономикалық ерекшелігімен және халықаралық байланысымен, білімдік мүмкіндігімен, кадрлық саясатымен көрінеді.

Мысалы: солтүстік облыстарда Германиямен байланыс неміс тілін үйренуді қажетсінеді. Сондай - ақ оңтүстік Қытай мемлекетінің ықпалын да есептемеске болмайды.

Тіл – қазіргі кезде аса көңіл аударарлық нәрсә қазақстандық патриотизмнің қалыптасуы мен ұлттық және жеке тұлғалық дамудың қалыптасуына тікелей бағыт - бағдар беретін

құбылыс. Үш тілде оқытуда: жеке тұлғаны қалыптасғыру, тілдің жоғары статустық мазмұнын игерген, жеке тілдік ерекшелігі бар, көп тілде сөйлей алу мүмкіндігінің, тілдік қорының жетілуін, тілдік – ойлау «қабілеттіліктерінің жоғарылығын, қарым – қатынас кезіндегі сөз қорының қордалануын, ойлау мүмкіндіктерінің шапшаңдығы мен сауаттылығын және тілдік тәрбиелілігінің жоғарылығымен ерекшеленеді

Әрине, қазір әлем дамыған, ел дамыған, экономика мен мәдениет дамыған.

Ұлттық тіл де осы мәдениеттің бір көрінісі. Өз тілінді жетік білу ол – отан алдындағы басты міндет, ал - өзге тілді білу ол мәртебе. Өзге тілді білу зор мәртебе. Өзге тілді білу ол тек сөйлеу құралы емес, сөйлеу арқылы біз өзге тілдің мәдениетімен, салт – дәстүрімен, халқымен таныса аламыз.

#### **Әдебиет тізімі**

Қазақстан Республикасының конституциясы.

Қазақстан Республикасының Президентінің халыққа жолдаулары (2006, 2007 жж).

Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: «Атамұра», 2003.

Адамбаева Ж. Орыс мектептерінде қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері. – Алматы: «Рауан», 1993.

**УДК 339.137.2**

### **ПОВЫШЕНИЕ УРОВНЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ КОРПОРАЦИЙ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

***Антаев Ж.Т.,**  
магистр экономических наук,  
кафедра Всемирной истории и  
общественных дисциплин КГПИ  
**Дорожко Т.П.,**  
к.э.н., доцент(PhD),  
кафедра Экономики и управления  
КСТУ им. академика З. Алдамжар,  
г. Костанай, Казахстан*

#### **Аннотация**

*Нарықтық экономикада корпорацияның бәсекелестігі маңызды фактор болып саналады. Мақалада басқарудың сапасы, жүйесі, ассортименттің тереңдігі, қаржылық жағдайдың тұрақтылығы, инновацияларға қабілеттілігі, ресурстарды тиімді қолдануы, персоналдың мақсаттылығы, тауар қозғалысының деңгейімен сервисі және корпорацияның имиджі қарастырылған.*

*Корпоративтік бәсекеге қабілеттілік өндіретін және сатуға жаһандық нарықтық сұранысты қанағаттандыру тауарлар мен қызметтерді, халықтың және оның азаматтарының кейбір әл-ауқатын арттыру үшін еркін, әділ бәсекеге қабілеті ретінде анықтауға болады.*

*Бәсекеге қабілетті қаржы секторын құру және экономиканың ресурстарды қайта бөлу, оның тиімділігін арттыруға бағытталған 2030 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамыту тұжырымдамасы.*

#### **Аннотация**

*В статье рассмотрена система и качество управления, глубина ассортимента, стабильность финансового состояния, способность к инновациям, эффективному использованию ресурсов, целенаправленность персонала, уровень товародвижения, сервиса и имиджа корпораций. Важнейшим*